

# SHÁKÁRIM

## SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI SEMEI

# SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл  
№1 (113) қаңтар

## ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ - БІЛІМДІ ЖАСТАР

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылғы Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсына отырып, жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігін баса айтқан еді.

Таяуда Астана қаласындағы «Нұр әлем» павильонында («EXPO-2017» көрме кешені) «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атауымен Елбасының қатысуымен Жастар жылының ашылу салтанаты өтті. ҚР Президенті Н.Назарбаев жастар жылы аясында атқарылатын іс шараларға кеңінен тоқталды.



Бүгінде Жастар – еліміздің қазіргі өлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр.

Сіздермен кездесудің алдында ғана маған бірқатар жастар жобасы таныстырылды. Бұлар – киім, спорттық тағамдар өндірісі, интерактивті сервистік платформалар. Біздің жастарымыздың нарық ахуалын шынайы бағалайтыны, бос кеңістіктерді іздейтіні және мейлінше бәсекеге қабілетті өнім ұсынуға тырысатыны мақтанарлық жайт. Мұндай қадамның ең басты артықшылығы сол, сіздер өз сұраныстарыңызды өздеріңіз анықтайсыздар.

Әрбір жоба қызықты әрі назар аударуға тұрады. Үкімет осы идеяларды жүзеге асыруды айрықша бақылауға алуы және оларды ілгерілетуге жәрдемдесуі тиіс деп пайымдаймын.

Бүгінде Қазақстанда жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселелерін шешу, жас адамдардың бәсекелік қабілетін дамыту өзекті болып отыр.

Жастар жылында біз жас қазақстандықтардың маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған қарапайым және түсінікті қолдау құралдарын әзірлеуге тиіспіз. Бұл – ең алдымен, қолжетімді және сапалы білім, жұмыстың болуы, баспана және отбасын құру мүмкіндігі. Осыған байланысты Үкіметке келесі шараларды пысықтауды тапсырамын.

*Елбасының Жастар жылының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзінен.*

■ ИСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

*Ағымдағы жылдың 11 қаңтарында «Құқықтану» кафедрасының бастамасымен Шәкәрім университеті және Шығыс Қазақстан облыстық соты арасындағы ынтымақтастық меморандумына салтанатты қол қою шарасы өтті.*

Аталған шарада Шәкәрім университеті тарапынан ректор -М.Ф.Ескендіров, Шығыс Қазақстан облыстық соты тарапынан, Семей қалалық сотының төрағасы – Н.Б.Абдиқаримов меморандумға қол қойды.

Ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – жаңа формациядағы заңгерлерді дайындау үшін ғылыми және практикалық әлеуетті біріктіру, сондай-ақ “Рухани жаңғыру” мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыруға өзара жәрдемдесу болып табылады.

Тараптар ынтымақтастық жөніндегі шараларды жүзеге асыруда практикалық білім беруді жаңғыртуға бағытталған, жас мамандарды жұмысқа орналастыру, сот жүйесі қызметкерлерінің білім деңгейін көтеру, халықтың құқықтық мәдениеті мен сауаттылығын көтеру қажеттілігі туралы өзара ортақ пікірге келді.



■ КӘСІПОДАҚ

## ҰЙЫМНЫҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ САЙЛАНДЫ

*2019 жылдың 23 қаңтарында бас ғимараттың акт залында университет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау конференциясы өтті.*

Конференцияға Білім және ғылым қызметкерлерінің Семей аймақтық кәсіподақ кеңесінің төрағасы С.М.Ибраев, ректор кеңесінің жетекшісі М.О.Әбдікәрімов, университеттің оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ж.Т.Мукаев және конференция делегаттары, кәсіподақ мүшелері қатысты.

Конференцияда 2014-2018 жылдардағы кәсіподақ комитеті мен бақылау-тексеру комиссиясының есептері тыңдалды және конференция делегаттары университет кәсіподақ комитетінің



атқарған жұмыстарын талқылап, оң баға берді.

Күн тәртібіне сәйкес университет кәсіподағының төрайымы болып тарих-педагогика факультеті кәсіподақ бюросының төрайымы Н.А.Кулмышева және бақылау-тексеру комиссиясының төрайымына Г.К.Исмаилова, келісу

комиссиясына Н.А.Кулмышева, Р.С.Мамбетбаева, Ж.З.Қорабаев, Т.А.Наревская және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторы болып Е.С.Жарықбасов сайланып, кәсіподақ комитеті мен бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамы бекітілді.

Конференцияға қатысқан С.М.Ибраев университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымымен тығыз байланыстағы жұмыстарының нәтижелігін атай келе, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Жиын барысында университеттің белсенді кәсіподақ мүшелеріне алғыс хат, бастауыш кәсіподақ ұйымын 30 жыл басқарған Роза Сейсенбекқызына алғысын білдіріп, ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалі және алғыс хат табысталды.

semgu.kz.

МЕРЕЙ ҚАРТ:

# «ӨМІРДЕН ӨЛЕҢДІ ТАПТЫМ»



■ СҰХБАТ

– Елбасымыз биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялауы талай жастың арманына қанат бітіргендей болды. Ашылу салтанатына өзіңіз қатысып, қайттыңыз. Алған әсеріңіз қандай?

– Мемлекеттің ең құнды ресурсы, байлығы, қазынасы ол – халық. Халықтың басым бөлігін құрап, үнемі үдеріс үстінде дамып, ең бірінші болып жаңалықты санасына сіңіретін ол – жастар.

Бүгінгі жастар жаңа өмірге икемді. Батыстан келген еуропалық дәстүрдің қажеттілігін алып, өз ұлттық көзқарасымыздың аясында рухани дамып-жетілу бүгінгі жастардың басты миссиясы деп білемін. Сондай мақсатта - Қазақстан жазушылар одағының ыстық сәлемін арқалап, Елбасының алдына барып, бірер ауыз ұсыныс айттым. Қазақстанда әдебиет академиясын ашып, әдебиеттегі ардың жолында жүрген бір топ жастардың жанына жылу ұялатып, қолдау беріп, қазіргі қоғамға пайдамызды тигізсек деген үмітіміз бар.

Мәселен, қазірдің өзінде Семей қаласында от ауызды, орақ тілді қаншама елеусіз жүрген ақындар бар. Қай заманда болмасын ақынның орыны қазақ қоғамы үшін жоғары болған. Сол тектіліктің жұпарын аңқытып, қара шаңырақтың күмбезін құлатпай сақтап қалу біздей жастарға берілген аманат. Өрбір жас қолынан келгенше елге пайдасын тигізуі қажет. Сонда ғана өркениетті елдердің алдында еңсемізді тік ұстап, тұра аламыз.

– Ақын Мерей өлеңнен өмірді тапты ма, әлде өмірден өлеңді тапты ма?

– Өмір мен өлең егіз ұғым. Мен өзім өмірден өлеңді таптым десем болады. Өйткені мен үшін өмірдің әрбір күні мен әрбір сәті өлең. Өмірдегі кейбір жарқын сәт өлеңге айналуға тиіс деп білемін. Кейбір оқырмандар өлеңнен өз өмірін тауып жатады. Ал қыр жолдарынан өзінің тағдырына ұқсас жерін тауып жатса, өлеңнің де өмір сүргені. Абайша айтқанда: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дегендей. Адам өмірі артындағы ұрпағымен, жазылған хаттармен мәңгі жасауға құштар. Өмір бар жерде өлеңнің бар болуы заңдылық және екеуі бір-бірінен ажырамайды.

– Қазір кино түсіру өнері мен кітап жазу екінің бірінің ермегіне айналып отыр. Осындай баяны жоқ «баяндамаға» деген көзқарасыңыз қандай?

– Өркім өз ой-өресінің дәрежесінде кино немесе

**Мерей Қарт - ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Семей өңірі филиалының директоры, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, Абай театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі.**

кітап қылып туынды жасайды. Бұл құбылыс бір жағынан қоғамдағы технологияның жетілгендігінен деп білемін. Бірақ оқырман мен көрермен өзіне керегін екшелеп-талдап, соның ішіндегі ең керегін сүзгіден өткізіп алады. Оған бүгінгі оқырманның талғамы да жеткілікті. Қазір саны бар, сапасы жоқ кітаптар, идеясы жоқ ойлар көптеп кездеседі.

Кешегі «Қыз-Жібек», «Тақиялы періште» сынды фильмдердің жоқтығы қынжылтады. Бірақ түбегейлі жоқ деп айтуға хақымыз жоқ. Жастардың сұранысын қанағаттандыратын заманауи туындылар баршылық. Дегенмен ондай дүниелер әлі де аздау. Ғұмыры келте кітаптар да көп. Бұндай құбылыстар бізге дейін де болған, бізден кейін де болады. Ондай кітаптар жабулы қазан күйінде қалады. Оған уайымдап, шашты ағартудың қажеті шамалы.

– Шәкәрім философиясында «Үш анық» деген түсінік бар. Сіз өз өміріңіздегі үш анықты айтып бере аласыз ба?

– Ең әуелі адамның мақсат-мүддесі мен арман - ойы анық болуы тиіс. Өзім үш анықты ту етемін. Адамдық, ілім-білім, ғылым, ар соның ішіне кірер. Мақсатым анық. Еліміздің өркендеуіне Абайша айтқанда: «Бір кірпіш болып» қалануыма деген құштарлығым бар. Әр қазақтың бойында алға қойған мақсат-мүдделері анық, ұлттық рухы мықты болса, Шәкәрім атамыз айтқан Үш анық пұшпағына шығуы хақ.

– Шетел және әлем әдебиетінің классиктерін оқырман жоғары деңгейде қабылдап жатады. Ал қазақ ақындары өз арамызда ғана ұлықталады. Бірінші кезекте кімдерді оқыған жөн?

– Шетел әдебиетін оқымас бұрын әр қазақ өз әдебиетінен бастауы тиіс. Себебі өз ұлты жайлы бүгешүгесіне дейін білмей бөтен елдің бұқпасына бұрылудың арты адасуға апаруы мүмкін. Шетел әдебиетімен салыстырғанда төл әдебиетіміз рухани иммунитетке өте бай. Және де әлем әдебиеті классиктерін қазақ классиктерімен салыстыра оқыған дұрыс. Ең әуелі төл әдебиетімізді меңгерейік, содан кейін шетелдің әдебиетіне, мәдениетіне бет бұрайық.

Қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиет аренасынан өзіндік орнын ала-алмай жатуының басты себебінің бірі біздегі аударма саласының кенже қалуы. Болашақта мемлекет тарапынан аудармалар мен кітаптардың көптеп шығуына қолдау көрсетіледі деген үмітіміз бар.

– Сұхбатыңызға рахмет! Шығармашылық табыс тілеймін!



– Сұхбатыңызға рахмет! Шығармашылық табыс тілеймін!

Елдар Ермеков,  
журналистика мамандығының  
2 курс студенті.

■ «Акме» – халықаралық ағартушылар клубы

## «OPEN SPACE: ЖАСТАР КӨЗІМЕН...» АШЫҚ СҰҚБАТ АЛАҢЫ ӨТТІ



«Акме» Халықаралық ағартушылар клубының ашық сұқбат алаңы – жастардың креативті ойларын жүзеге асыратын жаңа мүмкіндіктердің бастамасы.

26-қаңтар күні Шәкәрім шаңырағында «Акме» – халықаралық ағартушылар клубы Семей қаласы ішкі саясат бөлімімен бірлесе отырып, «Open Space: Жастар көзімен...» кеңейтілген ашық сұқбат алаңын өткізді.

«Open Space: Жастар көзімен...» ашық сұқбат алаңына Шәкәрім шаңырағы жастары, Семей қаласындағы ЖОО-ның студенттері, колледж студенттері, қаланың білімді, өнерлі, белсенді жастары, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Клуб отырысы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жастар жылының ашылуында жастарға арналған ой-пікірлерін тыңдаудан басталды.

Шәкәрім шаңырағы ректоры Мейір Ғариполлаұлы өзінің алғы сөзімен басталған «Акме» ХАК «Open Space: Жастар көзімен...» ашық сұқбат алаңы диалогы барысында жастар өздерінің бастамасымен жүзеге асатын стартап жобалары туралы ойларын ортаға салды.

Сонымен қатар, «Акме» халықаралық ағартушылар клубы отырысы барысында университет ректоры, профессор М.Ескендіров жастардың өздеріне ой салатын бірнеше сауалдар жолдады. «Жастар кімдер?», «Жастар қызығушылықтары», «Жастар оқыған кітаптар» сынды қызықты сауалдарына орай, жастар өз ойларын ауызша ортаға салды және жазбаша жауап берді.

«Акме» Халықаралық Ағартушылар клубы жетекшісі, Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессоры Жундибаева Арай Канапияқызы қаламыздың белсенді жастарымен бірлесе отырып, ел игілігі үшін атқару тиіс бастамаларды тілге етіп, жаңа идеяларын ұсынды. Жастар әлеуметтік, ғылыми жобалары туралы пікір алмасты.

Отырыс соңында ректор сауалдарына жауап берген жастар пікірлері негізге алына отырып, бүгінгі оқырманға қызықты көркем шығармалар мен жастарға мотивация беретін қызықты кітаптар тізімі анықталды.

«Акме» халықаралық клубы отырысы Абайдың 17-қара сөзімен қорытындыланды.

Семей қаласының 400-дей жастарының басын қосқан бұл шара әлі де өз жалғасын табады.

■ МЕРЕЙТОЙ



## ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ - 70 ЖАСТА

2019 жылы 28 қаңтарда Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің педагогикалық институт директоры Ұлан Бағдатұлының жүргізуімен, педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Дүйсембекова Шолпан Дүйсембекқызының 70 – жылдығына арналған салтанатты іс – шара өтті.

Салтанатты шарада ректор кеңсесінің жетекшісі М.О. Абдиқаримов, филология ғылымдарының докторы, профессор А.С.Еспенбетов және оқу – тәрбие ісі жұмысының проректоры Ж.Т. Мукаев, Семей қаласының білім бөлімінің әдіскері А.Абдихатұлы, М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж директоры Ш.А.Жанаева және университеттің тарих – педагогика факультетінің профессорлық – оқытушылар құрамы құттықтау сөз сөйледі.

Педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы Джанбубекова Мейрамгуль Зейнегабуловна салтанатты жиында Ш.Д.Дүйсембекованы құттықтап, ұлағатты ұстаздың өнегелі өмір жолымен таныстырды.

Мерейтой иесі «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл», «Семей мемлекеттік педагогикалық институтына 75 жыл», «Ұлағатты ұстаз» медалдарымен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» төсбелгісімен марапатталған және 60-тан астам ғылыми басылымдардың авторы.

Салтанатты жиын «Музыкалық білім беру» кафедрасының білім алушыларының қойылымымен аяқталды.



## ЭТО МОЯ СТРАНА И МОЙ ПУТЬ

Праздник единства народа Казахстана, День защитника Отечества, День конституции РК, День Независимости. У каждого казахстанца эти знаменательные дни обведены красным кружочком в календаре. Они имеют очень важный и такой дорогой сердцу смысл. Не существуй памяти, заключённой в этих словах, не быть нам казахстанцами.

Светлomu, прекрасному будущему, с которым каждый человек неразрывно связан, обращаю я мысли свои. Будущее – это не только лучшее образование, хорошая работа и достойная пенсия – это нечто большее. Цель – самое ценное, что дали нам, нынешнему поколению, наши предки. Недостаточно оправдать ожидания, ступить на предначертанный нам путь, пройти его. Важно то, как мы, поколение сегодняшнего дня, пройдем его. Достоинo, правильно, честно. Для каждого по-разному. Вопрос лишь в том как. И здорово, что наши чаяния поддерживаются старшим поколением и мудрыми руководителями.

Я – гражданин Республики Казахстан. Мне восемнадцать лет. Я учусь в ГУ имени Шакарима на журналиста. Не могу сказать, что выбор этого пути стоял лишь за мной. Но факт в том, что я оказался здесь, а всё остальное не важно. Важно лишь то, как я к этому отношусь и что я буду дальше делать. Это всё не просто так.

Знаю, что родился я не просто так, что учиться пошел не просто так. Не потому что “это нужно”, не потому что “так надо”, как нам обычно твердят родители, нет. Это моя страна и мой путь, который я и каждый человек волен выбирать. И я выбрал.

**Кирилл Янцен,**  
Студент 1 курса специальности  
«Журналистика».

## ТАРИХЫҢДЫ БАҒАЛАУ БОЛАШАҒЫҢДЫ БАҒАМДАУ

Қазақ елінің Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың халқына ұсынған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы – сайын даланың тарихын түгендеген, бай мәдениетін паш еткен игілікті бағдарламалар жалғасы.

Өткенінді ұмытпау, бүгінгіңді ұлықтауға негіз болары анық. Ұлтты ұлт қылып сақтайтын оның тілі мен мәдениеті, өткен тарихы.

Әр ел өз тарихымен мәңгі, оны білмей келешекке қадам басу мүмкін емес. Жеті атасын жаттап өсетін қазақ баласы үшін бұл өте маңызды, қастерлі, қасиетті дүние.

Елбасы мақаласының «Ұлт тарихындағы уақыт пен кеңістік» бөліміндегі жеті бағытта тұран жұртының терең тарихы зерделеніп, уақыт сындарына төтеп берген көшпенді жұртының озық мәдениеті салтанат құрған.

Біз – сонау бағзы замандарда уақыт пен кеңістік тоғысқан кезеңнен қалыптасқан Ұлы дала тарихының мұрагеріміз. Атқа міну мәдениетінен бастап, ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, ұлы жібек жолы, алма мен қызғалдақ тақырыптарының барлығы да зор маңызға ие құндылықтар. Жіліктеп талдап берген қай тақырыпты алсаңыз да Қазақ елі үшін, болашақ ұрпақ үшін аса қажетті дүниелер. Мысалы, Елбасының «Түркі әлемінің бесігі» деп өркениеттер бастауы Алтайға баса назар аударуы тегіннен тегін емес. Себебі, Алтай – ісі түркі жұртының қасиетті мекені. Мызғымас берекесі мен тәуелсіздік жолында күрес жүргізген жауынгер жұрттың ата қонысы, бағзы заманнан баянды жер. Алтай өңірі – Түркі дүниесінің бастауы.

Тарихты бағамдаған бұл тақырыптар екінші тарауда практикалық маңызға ие жобалармен жалғасын тапқан.

Елбасы мақаласында баса назар аударған мәселенің бірі – Ұлы дала фольклоры мен музыкасы. Ән халық тарихын, мұңы мен зарын, қуанышын бір бойына сыйдырған – құдыретті өнер. Халық жадында ғасырдан ғасырға сақталып келген әуелеген әндер ел тарихынан сыр шертері сөзсіз.


Осынау киелі өнерді ұрпақ жадында мәңгілік қалдыру мақсатында Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс» деген нақты тапсырма береді. Көне музыканы қазіргі тыңдармандар үддесінен шығатын форматта түсірудің маңызы да айрықша. Себебі музыка – тәрбие құралы. Көне өнерін тыңдап өскен бүгінгі жас тарихын қастерлей білері анық.

Асқақ рухты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Бара-бара не болса да әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады. Соның үшін ескі кісілер «пәленнің өлеңінде де бар ғой» деп келтіріп отыратын. Не ғажап?!...

Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар», – деуі де өн өнерінің шетсіз-шексіз құдыретін нақтылай түседі.

Қорыта келгенде, Елбасының руханиятқа арналған бұл бағдарламалары – өшпес тарихқа жасалған зор құрмет. Тарихын құрметтеген ел ғана бабалар негізін салған ұлы көштен ғибрат алып, келешегіне нық сеніммен қарай алары анық.

**Ақмарал Смағұлова,**  
Шәкәрім университеті, Абай институтының директоры.



2019 ЖЫЛ - ЖАСТАР ЖЫЛЫ

## ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР -



2019 жылдың Жастар жылы атануы жастарымызға үлкен серпін берді. Шәкәрім университетінің студент-жастары Елбасының бастамасын қызу қолдауда. Назарларыңызға университет жастарының ой-пікірлерін ұсынамыз.



**Мукаев Жандос Төлеубекұлы, Шәкәрім университетінің оқу және тәрбие жұмысы бойынша проректоры:**

– Елбасы 2019 жылды жастар жылы деп белгіледі. Бұл Елбасы тарапынан да, Үкімет тарапынан да жастарға үлкен көңіл бөлінуі болып табылады. 23 қаңтарда Елбасының қатысуымен жастар жылының ашылуы өтті. Бұған барлық қазақ елі куә болды.

Елбасының үнемі жастарды қолдап, жастар саясатын дамытуды көздейтіні бекер емес. Ол мұны әрдайым айтып отырады. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауда Елбасы 2019 жыл елімізде Жастар жылы деп аталатынына екпін түсірген болатын. Міне сол бүгінгі күні бастау алып отыр.

Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Бүгінгі жастар креативті пікірге ие. Шыны керек, қазір жастар арасында соңғы инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жобалар ұсынып жүргендері баршылық. Түрлі жаңа технологияның игіліктерін біліп, көріп жүрген де солар. Жастарға осындай мүмкіндіктер беріп отырғаны, еліміздің болашағына баса назар аударғанының белгісі деп білемін.

Форумда көтерілген мәселенің бірі – жас ғалымдарға ғылыммен айналысуына арналған гранттар, 3 миллиардтан астам қаражат бөлінеді делінді. Бұл

жақсы тенденция деп ойлаймын. Себебі, қазіргі таңда қоғамның қозғаушы күші жастар болып табылады. Бәсекеге қабілетті болу үшін міндетті түрде жаңа шығып жатқан инновацияларды, тың жаңалықтарды біліп отыру қажет.

Форумда еріктілер мәселесі де көтерілді. Бұл да өте жақсы бастама. Кез-келген жастың қазіргі таңда белсенді, азаматтық позициясы болуы қажет. Белсенді азаматтық позициясы дегеніміз – қоғамға тікелей өзінің қатысын анықтап, сол қоғамда жүріп жатқан процестерге белсенді қатысуы. Айта кету керек ерікті студенттердің шәкіртақысы 30 пайызға дейін артатын болады.

Өз кезегінде Шәкәрім университетінің жастары мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыруға өз үлестерін қосуға дайын. Бүгінде студенттер мен университет ұжымы әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттардың диалог алаңдарында Жастар жылын өткізу бойынша өз идеялары мен ұсыныстарын білдіруде.

Ақылды технология заманында ақыл да, тың идея да жастардан шығады. Ендеше, Жастар жылы – жастарға арналуы керек. 2019 жыл жастардың нақты түйткілді мәселелерін шешетін жыл болады деп сенемін!



**Алия Жексембаева, студентка 4 курса специальности «Журналистика»:**

В Астане состоялась торжественная церемония открытия Года молодежи. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев отметил, что сегодня одной из приоритетных задач государственной политики является всесторонняя поддержка молодежи. Реализация поручений, данных правительству, позволит решить существующие проблемы молодежи, поддержать талантливых юношей и девушек, охватить многие сферы жизни, способствовать дальнейшему развитию молодежной среды. Это, безусловно, очень правильный шаг. Поскольку, как отметил глава государства, молодежь - это «ключевой фактор конкурентоспособности страны». Год молодежи может дать большие возможности молодому поколению, позволит раскрыть себя в полной мере. Поддержка таким, как мы, важна, ведь будущее в руках молодых.



**Еркежан Уахашова, Шәкәрім университеті «Қазақ Филологиясы»:**

Еліміздің асқақ армандарының орындалуы үшін алдымызға мақсат қою біздің яғни жастардың қолында. Елбасы өз сөзінде «...біздің жастарымыздың жауапкершілігі мол, болашаққа нық сенім, сарқылмас күші, бастаманы өз қолуына алуға ұмтылу сияқты оң қасиеттерін...» атап өтті.

Менің ойымша Елбасымыздың жаңа бастамасы жастарға берген жаңа бір шырақ, жаңа бір мотивация. Жалпы жастар жылы форумы көп жастарға мотивация беріп, тың идеялар болашақта жүзеге асады деп нақты айта аламын.

Менің де өз еліме үлес қосқым келеді. Мен мемлекеттен не аламын деп емес мен мемлекетке не бере аламын деген ойды қалыптастыру әр азаматтың көкейін тесу керек деп ойлаймын.

Бұл жыл – біздің жыл. Қол қусырып қарап қалмауымыз керек. Қолдан келгенді қонышынан басар сәт туды. Жалқаулық пен жасықтықты жамбасқа салар кез келді. Тек жеңіс пен жасампаздыққа ұмтылайық. Болашақ жастардың қолында!

# ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ



## Айтбергенов Ерасыл Думанұлы, Шәкәрім университетінің студенттік парламенттің спикері:

– Елбасының нұсқауымен 2019 жыл жастар жылы деп аталғаны бізді қуантты. Себебі, біріншіден – жастарға мол мүмкіндік ашылса, екіншіден – еліміздің болашағы жастардың қолында деп сеніп тапсыруы, бізге үлкен жауапкершілік артылғанының белгісі. Осы жастар жылында берілген барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып, бізге артылған сенімді ақтаймыз деп сенемін.

Шәкәрім университетінің студенттері осыған дейін де көптеген жетістіктерге жетті. Бұл жылы да өз мүмкіндіктерімізді пайдаланып, одан әрі үлкен жетістікке жетеміз. Мұндай атаулы жылда сөзден гөрі, іспен дәлелдегеніміз абзал. Жастар – кез-келген мемлекеттің ең белсенді бөлігі, қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан ел тірегі – жастар екенін әсте естен шығармаған абзал.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда жастар саясатының мақсаты – жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау екені көрсетілген.

Мемлекеттік жастар саясаты рухани-мәдени құндылықтарға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, ұрпақтар сабақтастығына, отбасылық тәрбиенің басымдығына негізделген. Күн санап, даму үстіндегі еліміздің бұдан да көркейіп, гүлденуі ол жастар, яғни біздің қолымызда. Ол үшін білім, арман, мақсат, талпыныс, еңбек қажет!

## Акбота Кабимоллаева, студентка 1 курса специальности «Журналистика»:

Каждый понимает, что будущее страны в руках молодежи, а потому очень важно помочь молодым юношам и девушкам найти свое призвание, дать возможность показать себя, помочь реализовать их мечты, чтобы в будущем уже они достигали наших общих целей и защищали честь страны. По словам президента, молодежь является предметом нашей гордости. И нынешний год посвящен нам – молодым!

Очень хорошо, что молодежи посветили целый год – это гарантирует нам максимальную поддержку, нас выслушают, поймут, и мы сможем по-своему помочь своей стране.

Логотип года, изображающий полет журавлей (что означает счастье и удачу), говорит о том, что молодежь для страны – символ счастливого будущего. Поддержка старших – это прекрасно: можно осуществить желаемое, предложить свои идеи, попробовать себя в смелых начинаниях. Уже есть несколько идей, озвученных на официальном открытии года молодежи. Это, безусловно, успешное начало для открытий молодых казахстанцев.

Мы, молодое поколение, считаем, что наши проекты будут осуществлены и внесут вклад в развитие Казахстана как современного государства. Мы возлагаем на этот год большие надежды, надеюсь, он принесет множество приятных изменений.



## Итжанова Үміт, Қазақ филологиясы факультетінің 3-курс студенті:

Жастар – қоғамды қалыптастырушы ғана емес, қозғаушы күші. Бүгінгі жастар креативті пікірге ие. Шыны керек, қазір жастар арасында соңғы инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жобалар ұсынып жүргендері баршылық. Түрлі жаңа технологияның игіліктерін біліп, көріп жүрген де кездесіп жатыр. Тіпті инновациялық жобаларды халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатыстырып, арнайы грант ұтып алған жастардың саны жетіп артады.

Ал оны ғылыми тұрғыдан жүзеге асыру үлкен қаржы көлемін қажет ететіндігі белгілі жайт. Демек, осындай толассыз идеялардың, ой-пікірлерді жүзеге асыруға мұрындық болса нұр үстіне нұр болған болар еді. Ғылымға үлкен ден қоямыз десек, бастапқыда инновациялық технологиялардың дамуына мән берген жөн деп есептеймін. Яғни, осы арқылы біз елімізді, ана тілімізді де дүние жүзіне таныта аламыз деген ойдамын.

Қазақта «Жас келсе – іске» деген сөз бар. Технологияның түр-түрі дамыған заманда, жастарға қолдау көрсете отырып, елімізді әлемге таныту - биылғы жылдың басты мақсаты мен мүддесі деп түсінемін. Ана сүтімен бойымызға дарыған қазақы рух барда, еліміздің ертеңіне күдікпен сенімсіздікпен қарау мүмкін емес. Сондықтан 2019 жыл жалаң сөз, жаттанды дүниеге құрылмай, жастардың нақты түйткілдерін шешетін жылы болғай!

Бетті әзірлеген: Н. Қамбаева, М.Амантаева,  
ЖУ-509 тобының студенттері.



## ҰСТАЗДЫҚТЫҢ НАР ЖҮГІН КӨТЕРГЕН



***Бүкіл саналы ғұмырын білім беруге арнаған, ыстығына күйіп, суығына тонған, мыңдаған түлектерге үлкен өмірге жолдама берген ұлағатты ұстаз, еліміздің көрнекті ғалымы Раушан Жұртпайқызы Мұхамеджанова – адам өмірінің ерекше бір кемел кезеңі - 60 жасқа толды.***

Біз күнделікті тіршілікте қатар жүрсекте, бір-бірімізді қаншалықты жақсы білеміз десекте, шындығында білетініміз көп емес.

Мұхамеджанова Раушан Жұртпайқызы 1959 жылы 15 қаңтарда бұрынғы Семей облысы, Көкпекті ауданындағы Большевик ауылында үлкен отбасында дүниеге келген. 1976 жылы Қарағандыкөл ауылындағы Отто Шмидт атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, сонда ұстаздық жолын бастайды. Кейін сол аудандағы Егіндібұлақ ауылындағы мектепте жалғастырады. 1983 жылы Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін бітіреді. Табиғатынан ұстаздық қабілеті үлкен, еңбек жолын қатардағы мектеп мұғалімінен бастап, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары дәрежесіне дейін көтеріледі. Әлеуметтік белсенділігі жоғары жан 1976-1989 жылдар аралығында мектеп, совхоз комсомол ұйымдарының хатшысы, Қарағандыкөл совхозының партия ұйымының кабинет меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1989 жылы Семей қаласындағы Ленин аудандық білім беру бөліміне мектеп инспекторы қызметіне ауысып келді. Бұл қазақ мектептерін ашқызу жолындағы қиындығы көп кезең еді. Раушан Жұртпайқызының тікелей араласуымен № 4, 8, 23, 34, 36 сияқты орыс мектептерінде қазақ сыныптары ашылды. Сөз жоқ осы бір халқымыз үшін тағдырлы іс-шарада азаматтар үлкен табандылықтың, ұлтжандылықтың үлгісін көрсеткендерін ел біледі. Сондай-ақ, № 12 мектепте татар тілінде білім беретін сыныптардың және № 37 мектеп гимназиясы мен № 26 мектеп сияқты қазақ тіліндегі білім ордаларының ашылуына да өз үлесін қосты.

Ленин Аудандық Халыққа білім беру бөлімінде қызмет жасай жүре, жас ұстаздардың әдіскерлік және тәлімгерлік біліктіліктерінің жетілуіне үлкен көңіл бөлді. Кейіннен тәжірибелі әдіскер ретінде Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына қызметке шақырылды. 1995 жылға дейін жоғары категориялы әдіскер ретінде нәтижелі қызмет етті. Сол жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтына оқытушылық қызметке келді. Міне, содан бері 24 жыл табан аудармай бір жерде, бүгінде Шәкәрім атымен аталатын үлкен шаңырақта нәтижелі қызмет жасап келеді. Ұстаздық қызметін ғылыммен ұштастыра жүре, 2007 жылы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінде «Отарлық езгіге қарсы ұлттық идеологияның қалыптасуы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті

қорғап шықты. 2011-2013 жылдары Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Оның іскерлік қабілеті сол кезеңде тағыда жарқырай ашылды. Институт басшылығы Қазақстан тарихы кафедрасының мемлекеттік акредитациядан сәтті өтуін кезінде атап өткен болатын. Жүзден астам ғылыми және әдістемелік еңбектердің авторы. Ғылыми ізденушілік бағыты Қазақстан тарихының жаңа заман кезеңі.

Ол шәкірттерге білім бере жүре олардың ертеңгі ұстаз екендіктерін бір сәтте ұмытпайды, түлектердің әдіскерлік тәсілдердің қыры мен сырын меңгеруіне ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын ғалым ұстаздың жетекшілігімен бітірушілер ойдағыдай дипломдық еңбектерін қорғауда.

Өмірі өнегеге толы ұстаздың ұзақ жылғы жемісті еңбегі елеусіз қалмай «Зор еңбегі үшін» медалімен, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстарына қосқан үлесі үшін» және «Нұр Отан» ХДП-ның Семей қаласы филиалының мақтау грамоталарымен марапатталған. 2018 жылы ерекше марапат Шәкәрім медалінің иегері атанды.

Иә, өмірде жол көрсетер, мақсатыңа бағдар берер жақсы ұстаз жолықса ол да Жаратқанның сыйы. Жақсы ұстаз шын асылдың бағасын береді, сол үшін ол құрметтің қай түріне болсын лайық.

Қадірлі Раушан Жұртпайқызы! Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын биіктетіп, университетіміздің өсіп-өркендей беруі жолындағы қызметте шаңырағыңызға шаттық пен бақыт, отбасыңызға амандық, береке-бірлік тілейміз!

**«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының ұжымы.**





# «Ақыл – жастан...»



## MEN JASTARǴA SENEMIN

Arystandaı abatty,  
Jolbarystaı qairatty –  
Qyrandaı kúshti qanatty.  
Men jastarǵa senemin!  
Kózderinde ot oınar,  
Sózderinde jalyn bar,  
Jannan qymbat olarǵa ar,  
Men jastarǵa senemin!  
Jas qyrandar – balapan,  
Jaiyp qanat umtylǵan.  
Kózdegeni kók aspan.  
Men jastarǵa senemin!  
Jumsaq minez jibekter.  
Súttei taza júrektek.  
Qasıetti tilekter –  
Men jastarǵa senemin!  
Taı sýyndaı gúrilder,  
Aıbyndy alash elim der,  
Altyn Arqa jerim der,  
Men jastarǵa senemin!  
Qajý bar ma tulparǵa,  
Talý bar ma suńqarǵa,  
Iman kúshti olarda,  
Men jastarǵa senemin!...  
Alash aıbyndy urany,  
Qasıetti qurany,  
Alashtyń olar qurbany,  
Men jastarǵa senemin!  
Men senemin jastarǵa.  
Alash atyn aspanǵa  
Shyǵarar olar bir tańda,  
Men jastarǵa senemin!

Magjan Jumabaev



**SHOQAN  
ÝÁLIHANOV**  
(1835-1865)



**SULTANMAHMUT  
TORAIǴYROV**  
(1893-1920)



**MUHTAR  
ÁYEZOV**  
(1897-1961)



**SÁBIT  
MUQANOV**  
(1900-1973)

Jaryq juldyzdaı aǵyp ótken **Shoqan Ýalıhanov** 30 jyl ómirinde soǵyna ólmes shyǵarmalar qaldyǵan.

27 jasynda kóz jumǵan **Sultanmahmut Toraiǵyrov** 5-6 poema, 2 roman jazyp úlgergen.

**Magjan Jumabauly** 28-30 jasynda «Batyr Baian», «Qorqyt», «Qoilybaıdyń qobyzy» dastandaryn jazǵan.

**Muhtar Áyezov** 30 jasynda deın «Qorgansyzdyń kúni», «Qyr sýretteri», «Qyr ángimeleri», «Qaraly sulý», «Kim kináli», «Barymta», «Kinámshil boıjetken» ángimeleri men «Qıly zaman» povessin dúniege ákelgen.

**Sábít Muqanov** «Aqbópeniń syry» povessin, «Sulýshash» dastanyn, «Adasqandar» romanyn 30 jasqa deın jazǵan.

Orys aqyny **A.S.Pýshkin** 30 jasqa deın «Rýslan jáne Lıydmla», «Kavkaz tutqyny», «Aǵaıyndy qaraqshylar», «Evgenıı Onegin», «Syǵandar», t.b. shyǵarmalaryn dúniege ákelgen.

**N.V.Gogal** atyshly «Revizor», «Óli jandar» shyǵarmasyn 26-27 jasynda jazǵan.

**I.V.Gete** «Gets fon Brelińgen», «Ifegenııa» dramalaryn 30 jasynda jazǵan.

Frantsýz matematigi ári ádebietslisi **Blez Paskal** 16 jasynda «Paskal teoremasyn ashsa», 19 jasynda esepteý mashınasyn oılap tapqan.


Túrkua sýretshisi **Beıdrı Baıkam** 6 jasynda mártebeli ataqtarǵa ie bolyp, qaryndashpen bes myńǵa jýyq sýret salady. Ol eki qolyna qylqalamdy qatar ustap turyp sýret salatyn daryndy bala bolǵan.

Italian doktory **Karlo Tahavim** 12 jasynda jeti eldiń tilin meńgerip, 22 jasynda on bes eldiń tilin úrenip, barlyǵy 120 ulttyń tilin erkin uqqan tilmash.


Frantsýz matematigi **Gaspar Monj** (1764-1818) 14 jasynda órt sóndirgish mashına jasap, 22 jasynda professor ataǵyn alady.




**ALEKSANDR  
PÝSHKIN**  
(1799-1837)



**NIKOLAI  
GOGOL**  
(1809-1852)



**IOGANN  
GÊTE**  
(1749-1832)



**BLEZ  
PASKAL**  
(1623-1662)

# Әңыр айдынынан...

**Нурмахамбетов Данияр**  
Түркістан облысының тумасы.  
2015 жылдан бері Шәкәрім университетінде «Серпін» бағдарламасы бойынша білім алуда.  
Аграрлық факультеттің «Ветеринариялық медицина» мамандығының 4-курс студенті.



## ҚАРА АҒАШ

Есік алдында қара ағаш,  
Қыста тонды, күз келгенде жалаңаш.  
Бәрін көріп, бәрін біліп сезеді,  
«Жамансың деп» адамдарға қарамас.

Үйден шықсаң қара ағашты байқарсың,  
Бәлкім оған сырларыңды айтарсың.  
Жырақ жүріп, үйден алыс кетсенде,  
Сол ағашты еске, алып қайтарсың.

Қара ағашқа су құйдың ба, ұмыттың,  
Сол ағаштың маңайында шынықтың.  
Қара ағашқа шеге қақтың еркелеп -  
Маңайына жамау таппай сынықтың.

Қара ағашты кім еккенін білдің бе?  
Мән бермедің қарағашты көрдің де.  
Жастың шағың сол маңайда өткенмен,  
Жалау алып арманыңды ілдің бе?

Қара ағашқа арқан байлап тербеттің,  
Сенің бірақ ауылыңды көрмеппін.  
Ауылыңда қара ағаштар көп болар,  
Ауылға кел, ауылға кел төрлеткің.

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ

Тәуелсіз елміз рухымыз биік асқарлы,  
Дәстүрі терең тіліміз асыл астарлы.  
Бірлік пен достық, ынтымақ, бақыт бәрі бар -  
Жасасын мәңгі тәуелсіз елдің жастары.

Жеріміз байтақ, таулары көкке таласқан,  
Орманы нулы, өзен мен көлдер жанасқан.  
Қазақтың жері қашанда бейбіт тыныш қой -  
Ұлтпенен ұлттар татулық орнап жарасқан.

Арқа мен Алатау, Ертіс пен Еділ арасы,  
Сенің жерің қуаншы қазақ баласы.  
Тұғырың биік көк туың көкте желбіреп -  
Дұшпан мен көршің тамсанып бізге қарасты.

Құрсауды бұзып тәуелсіз елге айналдық,  
Көңілдер босап, марқайып біздер жайландық.  
Тіліңде сөйлеп, дініңмен қайта табысып -  
Талайды алдың мақтанып жүрер айтарлық.

Қиынды көрдің соғыстың көріп бейнетін,  
Бабалар сөзін арқалап асыл ниетін.  
Тәуелсіз елім болашақ жарқын болсыншы -  
Орындалсын ендігі жақсы ниетің.

Аспанға ұшты айды да көрді арысың,  
Жеңіс болды өткерген талай жарысың.  
Тәуелсіз елім келешек жарқын болашақ -  
Сарқылмас болсын берік тұнған ырысың.

Тәуелсіз болып, шекара құрып шептеді  
Айбынды әскер міндетті парыз жүктеді  
Қалалар салып, Елорда құрып орталық  
Болашақ кемел бәйтерек болып көктед



## РАУШАН ГҮЛ

Раушан гүл кеше болдың,  
Бүгін жоқсың.  
Көңілге ыстық болар,  
Сен бір отсың.  
Өртеніп аман қалған сен бір шоқсың,  
Бақтардан іздеп едім тағы жоқсың.

Сыйлады екен қандай жігіт қандай қызға,  
Сол қыздың жүректері қардай мұз ба.  
Жүрегіне сәулемен сезім сыйла,  
Раушан гүл сезімдерің ғұмырсыз ба?

Раушан гүл сыйлап жүрсін үміттерді,  
Неге жоқсың көңілге күдік келді.  
«Махаббатты өмірде жоқ» дегендер,  
Сені көріп құлшынып үміттенді.

Раушан гүл адалға да, арамға да,  
Сыйландың ғой жоғалып тарамдала.  
Сен тұрған құмырада өзге гүлдер,  
Құмырасыз қалмайсың алаңдама.

■ **БӘРЕКЕЛДІ!**

# УНИВЕРСИТЕТТИҢ МҰЗ АЙДЫНЫ АШЫЛДЫ

2019 жылдың 20 қаңтарында Шәкәрім университетінің Бөкейханов кампусында мұз айдыны ашылды.

Мұз айдынының салтанатты ашылу рәсіміне Семей қаласының әкімі Сәлімов Ермак Бидахметұлы қатысты.

Өзінің құттықтау сөзінде университет ректоры Ескендіров Мейір Ғариполлаұлы, жаңа мұз айдыны барлық жастағы азаматтар үшін пайдалы және сүйікті демалыс орындардың біріне айналады деп сенім білдірді. Сондай-ақ, кез-келген мекеме қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезініп, туған қаласының дамуына елеулі үлес қосудың маңыздылығын жеткізді.

Салтанатты ашылу соңында іс-шара мұз айдын үстіндегі қызықты спорттық эстафетаға ұласты. Барлық қатысушылар естелік сыйлықтармен марапатталды.



Мұз айдынына кіру тегін, жұмыс істеу уақыты кешкі сағат 17.00- 22.00. дейін жұмыс жасайды. Барлық қала тұрғындарын жаңа мұз айдынына шақырамыз!

■ **ХАБАРЛАНДЫРУ**

## Екі жұлдыз -2019

Талапкерлерді рекрутингілеу орталығы дәстүрлі түрде өтетін жыл сайынғы «Екі жұлдыз» байқауын жариялайды.

Бұл сайысқа қала мектептерінің 10 – 11 сынып оқушылары және Шәкәрім университетінің студенттері қатыса алады (студент + оқушы).

Сайысқа қаламыздың әр мектептерінен 10 – 11 сыныптар арасынан тек бір оқушы қатыса алады.

Бағыңызды сынап көргіңіз келсе, 2019 жылдың 1 ақпанына дейін [semgu.cra@mail.ru](mailto:semgu.cra@mail.ru) почтасына өтініш толтырып жіберсеңіз болады.

**Барлық сұрақтар бойынша: 8(7222) 31 54 63.**

**Сайыстың соңында жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар және де мадақтамалар табысталады.**



## Қуттықтаймыз!

Жастар жылына арналған қол күрестен қала чемпионатында университетіміздің “Абай институтының” жоғары дәрежелі ғылыми қызметкері **Рақымбаев Медет 2 орынды иеленді.**

Жарысқа дайындап қатыстырған дене шынықтыру пәні мұғалімі Нұрлат Болатұлы.

Дене шынықтыру мен спорт бөлімі және қол күрес мектебі бірлесіп ұйымдастырған қалалық жарыс өте жоғары тартысты өтті.

Бір күнге созылған жарыста Шәкәрім университеті атынан қатысқан университет қызметкерін жеңісімен құттықтаймыз!



	<p>Құрылтайшысы: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.</p> <p>Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.</p>	<p><b>Редактор</b> <b>Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ</b></p> <p>Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.</p>	<p><b>Редакцияның мекен-жайы:</b> Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а, Телефон: 31-87-78</p>	<p>Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспаханасында офсеттік әдіспен басылып шығарылды. Тел: 31-88-34 Семей қаласы, Глинка, 20 а Таралымы 500 дана</p>
--	--	--	--	---



# 2019

## ҚАҢТАР

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
		<b>1</b>	<b>2</b>	3	4	<b>5 6</b>
7	8	9	10	11	<b>12 13</b>	
14	15	16	17	18	<b>19 20</b>	
21	22	23	24	25	<b>26 27</b>	
28	29	30	31			

## АҚПАН

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
					1	<b>2 3</b>
4	5	6	7	8	<b>9 10</b>	
11	12	13	14	15	<b>16 17</b>	
18	19	20	21	22	<b>23 24</b>	
25	26	27	28			

## НАУРЫЗ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
					1	<b>2 3</b>
4	5	6	7	8	<b>9 10</b>	
11	12	13	14	15	<b>16 17</b>	
18	19	20	<b>21 22</b>	<b>23 24</b>		
25	26	27	28	29	<b>30 31</b>	

## СӘУІР

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
1	2	3	4	5	<b>6 7</b>	
8	9	10	11	12	<b>13 14</b>	
15	16	17	18	19	<b>20 21</b>	
22	23	24	25	26	<b>27 28</b>	
29	30					

## МАМЫР

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
			<b>1</b>	2	3	<b>4 5</b>
6	<b>7</b>	8	<b>9</b>	10	<b>11 12</b>	
13	14	15	16	17	<b>18 19</b>	
20	21	22	23	24	<b>25 26</b>	
27	28	29	30	31		

## МАУСЫМ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
					1	<b>2</b>
3	4	5	6	7	<b>8 9</b>	
10	11	12	13	14	<b>15 16</b>	
17	18	19	20	21	<b>22 23</b>	
24	25	26	27	28	<b>29 30</b>	

## ШІЛДЕ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
1	2	3	4	5	<b>6 7</b>	
8	9	10	11	12	<b>13 14</b>	
15	16	17	18	19	<b>20 21</b>	
22	23	24	25	26	<b>27 28</b>	
29	30	31				

## ТАМЫЗ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
				1	2	<b>3 4</b>
5	6	7	8	9	<b>10 11</b>	
12	13	14	15	16	<b>17 18</b>	
19	20	21	22	23	<b>24 25</b>	
26	27	28	29	<b>30 31</b>		

## ҚЫРКҮЙЕК

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
						<b>1</b>
2	3	4	5	6	<b>7 8</b>	
9	10	11	12	13	<b>14 15</b>	
16	17	18	19	20	<b>21 22</b>	
23	24	25	26	27	<b>28 29</b>	
30						

## ҚАЗАН

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
	1	2	3	4	<b>5 6</b>	
7	8	9	10	11	<b>12 13</b>	
14	15	16	17	18	<b>19 20</b>	
21	22	23	24	25	<b>26 27</b>	
28	29	30	31			

## ҚАРАША

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
				1	<b>2 3</b>	
4	5	6	7	8	<b>9 10</b>	
11	12	13	14	15	<b>16 17</b>	
18	19	20	21	22	<b>23 24</b>	
25	26	27	28	29	<b>30</b>	

## ЖЕЛТОҚСАН

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖН
						<b>1</b>
2	3	4	5	6	<b>7 8</b>	
9	10	11	12	13	<b>14 15</b>	
<b>16 17</b>	18	19	20	<b>21 22</b>		
23	24	25	26	27	<b>28 29</b>	
30	31					

1-2 қаңтар - Жаңа жыл;  
8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;  
21-23 наурыз - Наурыз мейрамы;  
1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;  
7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;  
9 мамыр - Жеңіс күні;

6 шілде - Астана күні;  
30 тамыз - Қазақстан Республикасы Конституция күні;  
1 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні;  
16-17 желтоқсан - Тәуелсіздік күні.